

УДК.37.06**А.Қ. Айтжанов**

«Павлодар қаласы №20 лицей-мектебі» ММ

Дін және жастар

***Аңдатпа.** Бұл мақалада кез келген дін, соның ішінде ислам да адамның білім алуына шектеу қойылмайтындығы айтылды. Қазіргі заманда сауаты бар адам ешқашан көш соңында қалып қоймайды. Сондықтан жастар Алла тағала берген жастық шақ пен алтын уақытты дұрыс бағалап, білім алуға, кәсіптің белгілі бір саласын игеруге барынша күш жұмсауы қажет. Жастар заманауи техникалық байланыс құралдарының барлық түрін игеріп шығуы тиіс.*

***Түйін сөздер:** дін, ислам, жастар, дін ағымдары, ағымға ергендер.*

Елімізде әртүрлі діндер мен конфессия өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруі және өзара тиімді іс-әрекеттері үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Мұсылмандар, христиандар және басқа діни сенім өкілдері біздің көп конфессиялы және көп ұлтты ортақ үйімізде қоян-қолтық араласа өмір сүріп жатыр. Қазақстандағы конфессия аралық қатынастар әлемдегі көптеген елдер үшін үлгі болып отыр. Жалпы, дін қоғам мен мемлекет дамуының қажетті және сөзсіз жағымды факторына айнала бастады.

Бүгінде Қазақстандағы 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың үлес салмағы халықтың жалпы санының 27,8 %-ын, яғни 4,5 миллионнан астам адамды құрайды. Олардың 700 мыңнан астамы – студенттер. Бұл ретте ауылдық жерлердегі 46 %-ды құрайтын жастарға қарағанда 56 %-ды құрайтын қала жастарының саны көптеу.

Кейбір деректерге сүйенсек, дүниежүзі бойынша жастар халықтың шамамен 18 %-ын құрайды, соның ішінде ғаламшардағы жастардың 85 %-ы дамушы елдерде тұрады екен. БҰҰ берген деректер бойынша келесі ғасырдың аяғына қарай 30 жасқа дейінгі жастар жер шары тұрғындарының жартысын не одан көбін құрайтын болады деген болжам бар.

Барлық тарихи кезеңдерде жастар қоғамның ең ұтқыр, оқуға, жаңалық енгізуге және реформаларға бейім бөлігі ретінде сипатталғанын бәріміз білеміз. Қазіргі таңда тек білімді, ой-санасы терең, ақыл-ойы дамыған және кәсіби дайындалған жастар ғана сапалық, серпінді және инновациялық дамудың маңызды шарты мен кепілі болатынын, еліміздің болашағын қамтамасыз ете алатынын ешкімге дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев өзінің қара сөздерінде: «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оған замандастарының бәрі кінәлі» деп ұлағатты сөз айтты. Бұл жағдаят адам, қоғам, мемлекет дамуының маңызды қырларын ашып көрсетеді. Сондықтан мемлекеттің жастарды тәрбиелеуге, тәні сау және рухани бай жастар ортасын қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға ерекше көңіл бөлуі өте маңызды. Бұған қоса, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге қатысы бар азаматтық қоғам институттарының барлығы біздің болашағымыз алдындағы жауапкершілігін түсінуі қажет. Бірінші кезекте бұл, әрине, ата-аналар мен жақын туыстарға қатысты, өйткені, тәрбиелеу ісі адамның дүниеге келген сәтінен бастау алатыны айтпаса да түсінікті.

Дүниетаным негізі, адамның ақиқатқа деген көзқарасы балалық, жасөспірімдік және жастық шағында қалыптасады. Қазақ жастары үшін аға буын өкілдері – аталарымыз бен әжелеріміздің, әкелеріміз бен аналарымыздың ғибратты сөздері, мінез-құлқы мен даналығы тәрбиелік жағынан үлкен әсер еткен. Сондықтан отбасылық тәрбие институттарын барынша қолдау қажет.

Біз өз елімізде діни білім беру жүйесін дамытуға тиіспіз. Қазір елімізде Алматы қаласындағы «Нұр» Қазақ-египет ислам университеті, ҚМДБ-ның Имамдардың білімін жетілдіру институты және 9 медресе мұсылмандық білім беруде. Діни оқу орындары сауатты, жан-жақты дамыған имамдар корпусын қалыптастыру бағытындағы қоғам талаптарын қанағаттандыруы және қазіргі заманға сай болуы керек. Олар жасөспірімдер мен жастардың түсінуіне жеңіл, қабылдауына қолайлы «зияткерлік ислам» ретіндегі исламның жаңа имиджін құруға атсалысатын, өз бойына ғылыми және дінтанулық білім жинақтау арқылы тартымдылығы арта түскен тұлғалар болуға тиіс. Әсіресе бұл жерлестерімізді ортағасырлық қараңғылыққа және фундаментализмге тартуға талпынған радикалдық күштер белсенділігі сақталып отырған қазіргі кезең үшін көкейкесті болып отыр.

Жастарымыздың басым бөлігінің дұрыс тәрбие алғаны және алып жатқандығы белгілі; олар – отансүйгіш патриот, рухани және психологиялық тұрғыдан мықты және салауатты жандар. Елімізде жастардың ізденгіш, арманшыл болмысын өмір шындығымен ұштастыру және олардың әлеуметтік мәселелерін шешу үшін барлық жағдайлар жасалуда. Сонымен қатар, жастардың санасына діни қайраткерлерден басқа адамдар да рухани бай бола алатынын сіңіру керек.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, еліміздегі жастарды діни ұстазды таңдауда барынша сақ болуға шақырар едім. Жалған уағызшылардың шақыруын ойланбай қабылдап, жетегінде кетпей, әрбір іс-әрекеттеріңіз бен қадамдарыңызды ақылға салып, оларды қоғамда белгіленген жүріс-тұрыс және адамгершілік нормалары тұрғысынан пайымдауға тырыскандарыңыз жөн.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «...дін мәселелерінде ойластырылған қадам және өте мұқияттылық қажет. Біз ұят, толеранттылық және төзімділік еркіндігі принциптерін қастер тұтуымыз керек», – деп атап көрсетті. Сонымен қатар Ұлт көшбасшысы өз Жолдауында: «...біздің мемлекетіміздің зайырлы келбеті – Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты. Мұны Қазақстанның қазіргі және болашақ саясаткерлері, барлық қазақстандықтар айқын түсінуге тиіс», – деп ерекше айтып өтті.

Біз Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қазақ еліне айтқан осы дана сөзін әрбір өскелең жас ұрпаққа аманат етіп жеткізуіміз керек. Жастардың 60 пайызы түрлі діни ағымдардың жетегінде жүр.

Жастардың 60 пайызы түрлі діни ағымдардың жетегінде жүр. Бүгінде елімізде тіркеліп, қанатын кең жая бастаған дәстүрлі емес діндердің атынан да, санынан да адам шатасатындай халге жетті.

Деректерге сүйенсек, 90-жылдардың басында Қазақстанда 500-дей діни бірлестіктер мен ұйымдар болса, бүгінде олардың саны 4000-нан асып кетіпті. Ең қорқыныштысы, елімізде олардың ісін бақылауға алып отырған да ешқандай мекеменің жоқтығы. «Ағылшын тілін оқытамыз, психологиялық көмек көрсетеміз» деп, алдап-сулап манайларына адамдарды жинап алып, өз ағымдарын насихаттап жүрген діни бірлестіктер бүгінде өз қараларын күн өткен сайын көбейтуде.

Діни бірлестіктерді бей-берекет тіркеп, олардың іс-әрекетін бақылаусыз қоюымыздың арқасында бүгінде олар мыңдаған қандастарымызды өз бауырларына тартып үлгерді.

Ағымға ерген азаматтардың сәбилерін тиісті медициналық тіркеуден өткізуден бас тартып, тіпті екпе егуден қашыртуы, басқа ағымға ерген жасөспірімдердің мектептегі оқуларын тастап кетуі, мектеп жасындағы ұл-қыздардың музыка тыңдау – харам, мемлекеттік Әнұранды тыңдамау, кеудеге қол қоймау, туға құрмет көрсетпеу, евангелші баптистердің «жер бетінде шекара болмауы керек» деп, Отан қорғаудан қашып, әскери борышты өтемеу дұрыс деген бағыттағы уағыздар жүргізуі түрлі діннің ағымында кеткендердің ұлттық әдет-ғұрып, салт-сананы естен шығаруының айғағы болса керек. Айта кетерлік нәрсе, жат пиғылды ағымдардың жетегінде кеткен жастардың, жалпы адамдардың қоғамға қайта оралуы өте қиын. Тіпті кейде мүмкін де емес. Өйткені оларды Отан, отбасы, бірлік сынды қасиетті ұғымдар толғандырмайды. Санасы уланғандар тек көсемдері айтқанды екі айтпай орындайтын сарбаздарға айналғанын өздері де түсінбейді. Бұған дәлел соңғы кездері радикалды ағым мүшелерінің бірнеше рет қылмысты оқиғалардың ұйымдастырушылары ретінде аталуы. Ал бұл қоғам үшін қорқынышты емес пе?! Сондай-ақ түрлі діннің ағымында кеткен әке мен баланың бір дастарқаннан ас ішпек түгіл, бірін-бірі жау көруі, өзінен туса да өзгедей күй кешіп, әке-шешесін тыңдамай балалары басқа діннің ағымында кеткен ата-аналардың зары әлі күнге тиісті орындардың құлағына жете алмай отыр.

Жастарды рухани адамгершілікке тәрбиелеудегі ислам дінінің алатын орны жоғары. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда ислам діні қоғамға бағыт-бағдар береді, қоғамды біріктіреді, идеологиялық және мәдени ұғымдарды күллі қоғамға телиді. Жеке тұлғаның және қоғамның мүдделерін қорғайды. Этникалық негізден гөрі адами, рухани құндылықтарға мән береді. Дін мәдениеттің құрамдас бөлігі екені туралы тәжірибелік (эмпирикалық) дәлелдер: Діннің жеке тұлға және қоғам өміріндегі нақты функциялары бар. Дін адамға өзінің төңірегіндегі әлемді түсіну тұрғысынан өзіндік жүйе. Дін қоғам қатынастарының қалыптасуында басты міндет атқарады. Алғашқы қоғамдық құрылымнан бері дін адамдардың іс-әрекеттеріне бірінші дәрежеде ықпал жасайтын күдірет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Певцова Е.А. Теория и методика обучения праву. – Астана: Фолиант, 2003.
- 2 Әмірғазин С. Дін және жауапкершілік. – Астана: Фолиант, 2002.
- 3 Құнапина Қ. Дінтану негіздері. (Әдістемелік құрал). – Алматы, 2009.
- 4 Әлімжан М. Шапағат Нұры. // Ислам тану // 2003–2004.

REFERECES

- 1 Pevtsova E.A. Teoriya i metodika obucheniya pravu. – Astana: Foliant, 2003.
- 2 Amirgazin S. Din zhane zhaupkershilik. – Astana: Foliant, 2002.
- 3 Kunapina K. Dintanu negizderi. (Adistemelik kural). – Almaty, 2009.
- 4 Alimzhan M. // Shapagat Nuri. // Islam tanu shurnaly // 2003–2004.

РЕЗЮМЕ**А.К. Айтжанов**

ГУ «№ 20 школа-лицей г. Павлодара»

Религия и молодежь

В статье говорится о религии, в том числе об исламе, который не ставит ограничения в получении знаний. В современном мире грамотный человек не должен отставать от ритма жизни. Поэтому то золотое время, которое дано в молодости, нужно уметь правильно применить, стараться получить образование, найти путь к овладению профессии. Молодое поколение должно стремиться к приобщению современной технологии.

Ключевые слова: религия, ислам, молодежь, религиозные течения, последователи течения.

RESUME**A.K. Aitzhanov**

GU «School-Lyceum № 20» in Pavlodar

Religion and youth

The article deals with religion, including Islam, which does not impose restrictions on obtaining knowledge. A learned person must keep up the pace of life in the contemporary world. Therefore, it is necessary to be able to manage the time given in youth correctly; try to get an education, to find a way to the mastery of a profession. The younger generation should strive to introduce modern technology.

Keywords: religion, Islam, the youngsters, religious streams, the followers of the stream.